

## **"Қазақстан Камератасы" мемлекеттік классикалық музыка ансамблін құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 15 қыркүйектегі N 1338

Классикалық музыка мұраларын насихаттау және қазақстандық орындау мектебінің үздік дәстүрлерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің "Қазақстан Камератасы" мемлекеттік классикалық музыка ансамблін құру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігі бір ай мерзімде " Қазақстан Камератасы" мемлекеттік классикалық музыка ансамблі" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекітсін, ансамбльдің жетекшісін тағайындасын және мекемені белгіленген тәртіппен тіркесін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігі ансамбльді қаржыландыруды 1997 жылға арналған республикалық бюджетте 08 функционалдық топ (11-бағдарлама, 36-кіші бағдарлама) бойынша көзделген қаражат есебінен жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі